



# Embi ТЫНЫСЫ

№5 (69)  
МАУСЫМ  
2021 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ, ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ, ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР!

*СІЗДЕРДІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 76 ЖЫЛДЫҒЫМЕН ЖӘНЕ  
ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!*



**Қазақстандықтар 1941-1945 жылдардағы қанқұйлы соғыс кезінде батырлық пен қайсарлықтың жарқын үлгісін көрсете білді.**

Ел басына күн туған шақта мұнай кен алаңдарының үздіксіз жұмыс істеп, өнім өндіру көрсеткішін төмендетпеу талап етілді. Соған сәйкес, ембілік мұнайшыларға да үлкен жауапкершілік артылды. Ембі мұнайшылары осы талап деңгейінен көріне білді. Олардың Ұлы Жеңіске қосқан үлестері өлшеусіз. Тыл даласындағы жасампаз еңбектің нәтижесінде Ембі өңірінің мұнайы тоқтаусыз майданға жөнелтілді. Доссор, Мақат, Байшонас, Қаратон және басқа да кеніштердің мұнайшылары күн сайын тәулігіне 12-13 сағат бойы жұмыс жасады. Сол сұрапыл жылдарда Ембі өңірінде Комсомол, Кошқар, Тентексор кен алаңдары іске қосылып, өнім өндіру көлемі еселенді.

Ел тағдырын жоғары қойған аға буынның ерліктеріне Ембі ұжымы үнемі сыйластықпен қарайды, құрмет тұтады. Компанияда ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, интерна-

ционалист-жауынгерлерге қамқорлық жасалуда. Оның барлығы Компанияның әлеуметтік қолдауымен жан-жақты қамтамасыз етілген.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да Ұлы Отан соғысының 1 ардагері, 85 тыл еңбеккері, сонымен қатар, 14 Ауған жауынгері ортамызда. Оларды Компания тарапынан толықтай әлеуметтік көмекпен қамту әрқазы назарда ұсталынады. Бұл – біздің аға буынның рухына, ерен ерлікке, жасампаз еңбекке көрсеткен құрметіміз!

Құрметті ардагерлер, әріптестер! Осынау ерлікке тағзым етілер күні сіздердің дендеріңізге мықты саулық, шаңырақтарыңызға береке-бірлік, егемен еліміздің ертеңіне жарқын болашақ тілеймін!

Құрметпен,  
Есен ҚАЙЫРЖАН,  
«Ембімұнайгаз» АҚ  
Басқарма төрағасы







## САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА COVID -19 ВАКЦИНАСЫНЫҢ 1 МИЛЛИОН ДОЗАСЫН САТЫП АЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына және 2021 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ Covid-19 вакцинасының 500 мың адамды вакцинациялауға мүмкіндік беретін 1 млн дозасын сатып алуды қаржыландырды.

Вакцинаны жеткізу Қор мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі және «СК-Фармация» АҚ келісім шеңберінде қамтамасыз етіледі.

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобындағы эпидемиологиялық жағдай ерекше бақылауда және басым мәнге ие. Қор - қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерін вакцинациялаумен қамтудың барынша жоғары деңгейіне бағытталған.

Компаниялар тобындағы вакцинацияланған жұмысшылардың саны 4358 адамды құрайды, оның 1400-і – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ жұмысшылары, 1170-і – «Самұрық-Энерго» АҚ, 1021-і – «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, 405-і – «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Компаниясы» АҚ, 250-і – «KEGOC» АҚ.

«Самұрық-Қазына» қоры елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып табылады - компаниялар тобына 296 кәсіпорын кіреді, оларда 276 мың қызметкер жұмыс істейді.

«Самұрық-Қазына» қоры пандемия басталғалы бері коронавируспен күреске белсене қатысуда. 2020 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде аса тапшы позициялар - 100 жедел жәрдем автокөлігі, 1000 бірлік оттегі концентраторы, 50 өкпені жасанды желдету аппараты, 1000 пульсоксиметр және 3000 «Авифавир» вирусқа қарсы препараттарының қаптамасы сатып алынды және берілді. Дәрігерлерге, полицияға және әлеуметтік қызметкерлерге 6 миллион қорғаныш маскалары сатып алынды, отандық өндірушілерді қолдау және денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша шаралар кешені қабылданды.

Қорды басқару кеңесінің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында жұппалы аурулардың алдын алу және бақылау бойынша екі емхана салу жоспарлануда.

[www.samruk-akparat.kz](http://www.samruk-akparat.kz)



## ПОРЯДКА 2-Х ТЫСЯЧ НЕФТЯНИКОВ «КАЗМУНАЙГАЗА» ПОЛУЧИЛИ ПЕРВЫЙ КОМПОНЕНТ ВАКЦИНЫ



28 апреля, состоялось очередное заседание Команды по управлению кризисными ситуациями АО НК «КазМұнайГаз», в котором приняли участие руководство КМГ, оперативные штабы дочерних организаций, представители медицинских организаций.

В ходе совещания участники обсудили вопросы организации вакцинации работников группы КМГ. Заместитель председателя Правления КМГ Даурен Карабаев подчеркнул, что национальная компания уделяет особое внимание вопросам обеспечения безопасности жизни и здоровья своих сотрудников. В этом плане сообщается, что АО «Самрук-Казына» профинансировало закуп 1 млн доз вакцины, которые предназначены для вакцинации коллективов группы Фонда.

В свою очередь директор департамента охраны труда и окружающей среды КМГ Кайрат Сақтаганов отметил, что работники предприятий КМГ принимают активное участие в прививочной кампании. На сегодняшний день первый компонент вакцины уже получили порядка 2-х тысяч работников группы КМГ. До первых руководителей дочерних организаций были доведены текущие задачи и поручения Фонда и руководства КМГ в части ускорения темпов вакцинации работников, максимально широкого охвата персонала вакцинацией и доведения до каждого работника и подрядчика информации о ее важности для формирования коллективного иммунитета.

[www.munailymeken.kz](http://www.munailymeken.kz)

## ҚМГ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПАЕНСТЫҢ ТЕТІКТЕРІН ЕНГІЗУ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС АТҚАРУДА

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Мемлекеттік басқару академиясының қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсты ілгерілету бойынша семинар өтті. Шараға компания басшылығы мен қызметкерлері, сондай-ақ еншілес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсты енгізу міндеті өткен жылдың аяғында заңнамалық деңгейде бекітілген болатын. Ол корпоративтік адалдық стандарттарының орындалуын бақылауды көздейді.

Семинар барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің адалдық департаменті директорының орынбасары Нұрсұлтан Бекінов елімізде компаенс қызметін енгізуге заңнамалық негіз қалыптастырылып, оларды да-



мыту үшін әдістемелік ұсыныстар дайындалғанын атап өтті. Соған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу мен тәуекелдерді анықтау, мүдделер қақтығысын реттеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындау компаенс қызметінің басым бағыттарына айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс қызметін қалыптастыру барысында ISO 37001 «Пара алумен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандартын енгізудің әлеуеті туралы Мемлекеттік басқару академиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер орталығы басшысының орынбасары

Ержан Жаров баяндап берді.

Өз кезегінде КМГ құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры Мәлік Сәулебай компанияда бақылау функцияларын енгізу, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылыққа жол беретін жағдайлар мен себептерді анықтау және жою арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

КМГ компаенс қызметінің басшысы Ләззат Нұрмағамбетованың мәліметіне сәйкес, КМГ мен оның бірқатар еншілес ұйымдарының қызметіндегі тәуекелдерге ауқымды тәуелсіз бағалау жүргізілді және компаенс тәуекелдерінің картасы қалыптастырылды, компаенс саласындағы ішкі құжаттар бекітілді және «жедел желі» енгізілді.

Бүгінде компания мен оның еншілес ұйымдарында 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл бойынша жоспарлар қабылданып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бағалау.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)





## ЕМБІ МҰНАЙШЫЛАРЫ COVID-19-ҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ АЛУДА

**«Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметкерлерді тұрғылықты жері бойынша мамандандырылған пункттерде және жұмыс орындарында вакцинациялау ұйымдастырылуда. Екпе алуға ниет білдірген вахтадағы қызметкерлер бекітілген тізімге сәйкес қызметтік көлікпен егу пункттеріне жеткізіледі. Вахтааралық демалыстағы қызметкерлер ЕМГ жанындағы пункттерде немесе тұрғылықты жері бойынша емханаларда вакцинациялануға мүмкіндігі бар.**

- Бүгінгі күні вакцинация – коронавирустық инфекциядан сақтанудың жалғыз тиімді әдісі болып табылады. Пандемияға орай өмірімізге енген шектеулерден арылып, тезірек қалыпты өмірімізге оралу уақыты және жаппай вакцинацияға тікелей байланысты. Жауапкершілігі мол жұмыс беруші ретінде Компания пандемияның кезеңінде қызметкерлеріміздің эпидемиологиялық қауіпсіздігі бойынша барлық шараларды қамтамасыз етті. Қазіргі уақытта Атырау қаласы ІШ.Уәлиханов көшесіндегі «Интертич» филиалында және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кеңсесі жанында ғимаратта 2 вакцинациялау пункті ашылды. Компанияның басқа өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде вакцинациялау пункттерін ашу бойынша жұмыстары жүргізілуде, - деп атап өтті алғашқылардың

бірі болып ағымдағы жылдың ақпан айында вакцина алған ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

- Пандемия біздің өмірімізді түбегейлі өзгертті. «Қызыл аймақ» сөз тіркесін тіпті балалар да жаттап алды. Өзімізді Covid-19 инфекциясынан сақтау мүмкіндігі пайда болған кезде-ақ міндетті түрде вакцина алу жөнінде туралы шешім қабылдадым. Екпе алуға мені өз денсаулығым және туыстарым, жақындарым мен ұжымымның алдындағы жауапкершілігім жетеледі. Жаппай вакцинация ғана тез арада ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға және бұрынғы өмір сапасына оралуға мүмкіндік береді, - дейді «Қайнармұнайгаз» МГӨБ кадр жөніндегі маманы ІШЫНАР ЕРМУХАНОВА.

### ВАКЦИНА

## БОЛАШАҚҚА – ВИРУССЫЗ ҚАДАМ

Газетіміздің өткен нөмірінде «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының қызметкерлерді COVID-19 инфекциясына қарсы вакцина алуға шақырған Үндеуі жарияланған болатын.

Осы мәселеге орай, вакцина алған әріптестеріміз вакцина алудың тиімділігі туралы ойларын айтып, екпе алған тәжірибелерімен бөлісіп отыр.

Әлібек ҒАБУЛҒАЗИЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехы жер-асты қабат қысымын сақтау бригадасының шебері:

### «Вакцина алу - індеттен сақтанудың тиімді жолы»

Бүгінде көптің көкейіне жүрген мәселенің бірі- пандемияға қарсы вакцинаны алу-алмау жәйі. Жұртшылықтың арасында алаңдаушылық та бар, дұрыс қабылдап жатқандар да жеткілікті.

Мен жақында вакцинаны алдым. Менің ойымша, бұл вакцина – өзіңізді және жақындарыңызды Covid-19 жұқпалы індетінен қорғаудың ең тиімді әдісі.

Коронавирустың әлі қанша уақытқа созылары белгісіз. Дөп басып ешкім мерзімін кесіп айта алмайды. Бұл індетке дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзі қатты алаңдаушылық білдіріп отыр. Демек, ерте ме, кеш пе, инфекцияны әрқайсымыздың жұқтыруымыз мүмкін. Сол себепті де, індетке қарсы әрекетті дәл қазір бастаған жөн.

Ол үшін ағзамызды иммундық қорғанышпен қамтамасыз етуіміз керек. Мен осы мақсатпен вакцинаның бірінші кезеңін алдым. Көңіл-күйім жақсы. Тамаққа тәбетім де, ұйқым да, қан қысымым да – бәрі-бәрі бұрынғы қалпында. Дәрігерлер де әлсін-әлсін хабарласып, денсаулығымды



біліп отыр. Амандық болса, араға 21 күн салып вакцинаның екінші кезеңін аламын.

Мұрат БИҒАЛИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімі бастығының орынбасары:

### «Сенің өмірің – өз қолыңда»



Біздің денсаулығымыз, болашақтағы өміріміз тек өзімізге қатысты екенін ұмытпауымыз керек. Өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарай отырып, ағайын-тумаға, отбасымыздың мүшелеріне, қоғамға деген қамқорлықты қамтамасыз етеміз. Бұл пікірді айтуыма себеп болған, соңғы кездерде пандемияға қарсы вакцинаны алу-алмау жөніндегі екі жақты пікірлерге қатысты туындап отыр.

Екпе алу – әркімнің өз еркінде. Алайда, коронавирус дерті бүгін-ертең жойылмай-тынын ұмытпайық. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы бұл дерттің адамзатпен әлі талай бірге жүретінін айтып, сақтандыруға шақырып жатыр.

Мен ерікті түрде вакцина алдым. Өйткені, бала-шағамды және өзімді бұл дерттен сақтаудың жалғыз жолы – екпе алу деп түсінемін.

Ал, вакцина туралы негізсіз пікір айтатын әріптестеріме айтарым: алдымен, бұл екпе туралы жан-жақты танысып алу керек. Әркімнің алып-қашпа, даурықпа пікірлеріне құлақ аспас бұрын, әлемдегі, алыс-жақын шет мемлекеттердегі, өзіміздің елдегі вакцина туралы айтқан ғалым, дәрігерлердің зерттеулерін оқыңыздар. Білген артық болмас. Өмірге еніп жатқан өзгеріс, жаңалық атаулыға, алдымен, үрейлене қарау заңдылық та болар. Үрейлене бермей, сол өзімізге таныс емес нәрсе туралы оқып, біліп, танып неге хабардар болмасқа деймін. Вакцина – адамның иммундық қорғанышын да арттыратынын ұмытпаған жөн.

Мен өзім солай істедім. Әлеуметтік желіге кіріп, вакцина туралы айтылған пікірлерге толықтай шолу жасадым. Сосын, екпе аламын деген түйінге келдім. Міне, пандемияға қарсы вакцинаны осымен 2 рет алып отырмын. Екеуінде де өзімді жақсы сезіндім. Денсаулығымда, көңіл-күйімде алаңдайтын өзгеріс болмады.

Мақсат ӘДІЛОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңындағы ұңғыларды жер асты жөндеу цехының технологы:

### «Екпе алу- сақтанудың жолы»

Пандемия індетінен сақтану мақсатында әріптестеріммен бірге екпе алдым. Себебі, коронавирус індетіне тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы осы деп ойлаймын. Вакцинациядан кейінгі жағдайымыз жақсы.

Тұтас елде коронавирусқа қарсы жаппай жүріп жатқан вакцинациялау шарасын жылыойлық мұнайшылар түсініспеншілікпен қабылдап жатырмыз. Күні бүгінге дейін біздің басқармадан 24 адам індетке қарсы екпе алған. Вакцинациялау жұмысы әлі де жалғасатыны сөзсіз. Өйткені, бәріміздің де көзіміз ашық, айналамызда болып жатқан оқиғаларға қанықпыз. Ақпарат құралдары арқылы кең таныспыз. Бүкіл әлем елдері COVID-19 пандемиясынан сақтанудың тиімді жолы деп вакцина алуды қолдап жатыр. Вакцинацияланудан басқа сақтану жолдарын көре алмай отырмыз. Осыны дұрыс түсінбей жүргендер арамыздан табылып қалады.

Екпе алу жөнінде әр түрлі пікірлерді естіп қалып жатырмыз. Екпе алу мүлдем ауырмау деген емес. Екпе алу пандемия індеті басталып қалған жағдайда жеңіл өтетіні анық. Катерлі жағдайдан сақтанудың жолы.



Зәру ЖАҒЫПАРОВА, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Оңтүстік-Батыс Қамысты кен орнының жатақхана меңгерушісі:

### «Вакцина туралы ақпаратпен толық таныстым»

Ағымдағы жылдың 1-ақпанынан бастап елімізде вакцина алу шарасы басталды. Ақпарат құралдары арқылы қазақстандықтардың ерікті түрде ресейлік «Спутник V» вакцинасын алатындығын білдік. Содан бері бұл вакцина туралы айтылғандарды, жалпы, вакцина алу-алмау туралы жан-жақты іздестіріп оқыдым, таныстым.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы мен Еуропа елдерінің ғалымдары бүкіл әлемді қорқынышқа алған пандемияны тоқтатудың жолы-вакцина алу деп түйін жасап отыр. Біраз ойландым, өзгелердің пікірін де білдім. Қабырғаммен кеңесе келе, коронавирусқа қарсы екпе аламын деп шештім. Өткен аптада мен сияқты «вакцина алған жөн» деген ұйғарымға

келген өзге әріптестеріммен бірге Исатай аудандық емханадан вакцина алдық. Екпе алмас бұрын талапқа сай медицина мамандары біздің қан қысымымызды, температурамызды, көңіл-күйімізді толықтай тексерді. Екпе алғаннан соң 30 минуттай емханада болып, жауапты мамандардың бақылауында болдық. Жағдайымыз жақсы.

Ал, әріптестеріме айтарым, жаңалықты сақтықпен қабылдау – белгілі жәйт. Оған алғашында күмәнмен қарау дұрыс та шығар. Алайда, толықтай түйін жасамас бұрын сол жаңалықпен толығырақ танысу керек. Тек өз еліміздегі деректермен ғана емес, жалпы, әлем елдеріндегі осыған қатысты жағдай қандайлық т.б. толығырақ танысқан жөн.







# Р.Қошқарбаевтың Рейхстагқа ту тіккенін көрген ембілік ардагер

Ел басына күн туған шақта қолындағы кестесін сұр қаруға айырбастаған Ажар Оразғалиева батыр атағын алу үшін емес, Отанды қорғау үшін ажалға қасқайып қарсы тұрды. Жанталаса жауды ығыстыра отырып, Жеңіс күнін жақындата түсірді.

Ажар Оразғалиева 1942 жылы Атыраудан өз еркімен майданға аттанғанда небары 18 жаста еді. Әскери комиссариатының ұйымдастыруымен Атырауда жасақталған оқу-жаттығу құрамымен айрықша дайындықтан өтеді.

18 жасар өрімдей қыз әуедегі жау самолеттерін жоюға арналған «Зенит» артиллериясының зеңбірек нысанашысы болып, әуе шабуылдарына тойтарыс беруді үйренеді.

«Зенитші Ажар Оразғалиева сол сұрапыл жылдарды үлкен тебіреніспен еске алады. «Соғысқа аттанарда ұзын бұрымды кесіп, анама тап-



«Біздер Курскке келсек, аспан атылған оқтан қып-қызыл болып жанып тұр екен. Кан су болып ағып жатты. Орел, Белгород, Харьковты жау басып алып, Курскты қорған алған кез. Сол себепті, Курск доғасы деп аталып кетті», - деген өз сұхбатында Ажар әже.

Зениттік артиллерия жауынгерлерінің мақсаты – жау самолеттерін жою еді. Зеңбіректі артиллериямен соғыс жүргізетін 7 жауынгердің әрқайсысының атқаратын жеке міндеті болды. Біріншісі – биіктегі нысанаға немесе жоғарыдан шабуыл жасаса, екіншісі – жау самолеттеріне көлбеу

ұшақтарды құлатамыз. Олардың жарылғыш зат тастауына кедергі келтіреміз. Күнде бомба, күнде өрт», - деп еске алады ардагер.

Сталинград түбінде ойсыра жеңілген неміс армиясы әскери қуатын әлсіретіп алды. Жау өзінің құлдырап кеткен ішкі саяси стратегиялық жағдайын тез арада қалпына келтіруге тырысты. Өйткені, Курск шайқасы соғыстың тағдырын шешетінін екі жақта жақсы түсінді.

Курск иінінде Гитлердің әскери басшылығы «Цитадель» жоспары бойынша жойқын шабуылға шықты. Оған Вермахттың 50 мықты дивизиясы, соның ішінде, 16 танктік,

бізді Киев қаласына жіберді. Сол жерде жақын құрбым Жеміспен қоштастым, өзім де жараландым. Ота жасалып, денемнен темірдің сынығы алынды», - деді Ажар Оразғалиева.

Уақыт өткенімен, майдандағы әрбір ұрыста қол жеткізген жеңіс өзінің мәнін еш уақытта жойған емес. Өйткені, жан алып, жан беріскен шайқас санадан еш ұмытылмайды.

Ауыр жараланғаннан кейін де жауынгер майдан даласын тастап кеткен жоқ. Ес жинап, бойын тіктеген соң қайта соғысқа араласты. Румынияға барып, 1945 жылы Берлинге бағыт алды. Сол жерде Жеңіс туының тігілгенін көріп, қуаныш мерекесін тойлады.

«Берлинге барған соң 7 мамыр күні неміс күшінің әлсірегенін естідік. Ал, 8 мамыр күні түнгі сағат 2-ден кете бізге қарай жүгіріп келе жатқан майорды көрдім. Сол кезде мен түнгі күзетті қабылдап жатқан едім. Ай жарық. Қуанғанымнан қыздарды ояттым. Олар сенбеді. Кейін бәрі орындарынан тұрып, бір-бірімізді құттықтадық. Үйге оралып, бауырларымызды көретін күнге жеткенімізге тәубе дедік. Ал, 9 мамыр күні немістің берілгенін бинокль арқылы көрдік. Қыздар бинокльді бір-бірінен алма-кезек алып, Рақымжан Қошқарбаевтың командирі оның қолына ту ұстатып, шығарып салғанын да көрді. Қошқарбаев сол кезде бәрімен қоштасып кетті. Кейін ту тігіліп, жолдастары оны аспанға лақтырып, құттықтады», - деді Ажар Оразғалиева.

Сұрапыл соғыстың бел ортасынан табылған қазақтың қайсар қызы Ажар Оразғалиеваның болашақ жары да басқа майдан шебінде Ұлы Жеңісті қарсы алып жатты.

Жолдасы Ғабидолла Оразғалиев 1938-1941 жылдары аралығында Отан алдындағы борышын өтеді. 1941 жылы үйіне оралуы тиіс еді. Бірақ, кенеттен соғыс бас-талып, кері қайтарылды. Ол 122 миллиметрлік зеңбіректен оқ атып, түскен жерінің бәрін қазып, тып-типыл ететін. Кейін Челябинск қаласынан танк алдырып, сол танктің командирі болды. Ғабидолла мерген еді. 1944 жылы танк өртеніп, ауыр жарақаттан соң елге оралды», - деп еске алды Ажар Оразғалиева.

Кейін екі жауынгер шаңырақ көтерген. Ел құрметіне бөленген ардагерлер 10 бала сүйіп, өсірді.

1945 жылы қазанда майданнан елге оралған Ажар Оразғалиева "Доссормұнай-газ" басқармасында есепші болып жұмысқа орналасты. Кейін отбасы жағдайына байланысты Сағыз поселкесіне көшіп, ОРС мекемесіне дүкенші жетекшісі болып қызмет етеді. Ал, 1974 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Майданда ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, бүгінде 99 жасқа қараған Ажар әжейдің ендігі тілегі – ел мен жердің амандығы, бірлігі мен берекесі.



сырып кеттім. Бойымда еш үрей болмады. Тезірек қолыма қару алып, ұрысқа араласып, жауды жеңсем деген бір ғана арманым болды», - деп еске алады 99 жасқа қараған жауынгер.

Атыраудан жасақталған жауынгерлер құрамасы Курск доғасында кескілескен ұрыс жүргізіп жатқан 316-атқыштар дивизиясына барып қосылады.

арқылы оқ атуға соққы береді. Ажар әжей сол кезде үшінші, яғни, жау ұшағының әуе кеңістігіндегі орнын дәлдікпен нақтылап беретін еді.

«Біз шкалаға қарап, жау ұшағының ара-қашықтығын, биіктігін 1, 2, 3 және 4 нөмірлі жауынгерлерге жеткізіп тұрамыз. Бесінші нөмір – тұйықтаушы (замыкающий). Ол атады. Ал, алтыншы нөмір

снаряд әкеліп тұрады. Курск қаласындағы соғыс 3 айға созылды. Әйгілі Курск иініндегі шайқасты өткерген ардагер күні-түні ұйықтамай, зеңбіректі құшақтап отыратынын, үш ай бойы аяқ киімін шешпей, соғыс даласында тамақтанатынын айтады. «Адам ұйқысыз жүрсе өлмейді екен. Курск доғасы шайқасы кезінде 9 қыз бір зеңбіректен оқ атып, ұшқан

және механикаландырылған құрамалары тартылды. 900 астам жау солдатты жұмылдырылды. 10 000 зеңбірек пен миномет, 2700 танк, 2 мыңнан астам самолет әуе шабуылдарына қатысты.

«Кейін Кеңес әскері шабуыл жасау туралы шешім қабылдады. Сол кезде немістердің қоластына өтіп кеткен Орел, Харьков, Брянск қалалары азат етілді. Кейін





Туған жерінің патриоты болу – Отаныңды сүю. Патриоттық тәрбиенің қазіргі таңда алатын орны ерекше. Соның ішінде жастардың арасында патриотизм тәрбиесін дамыту, еліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, Отанын қорғауға баулу маңызды. Ал, бұл қасиеттерді дарытатын жолдың бірі - ұлттық әскер сапында азаматтық борышты өтеу.

7-мамыр- Отан қорғаушылар күніне орай армия қатарында борыштарын абыроймен атқарған кешегі күннің әскерлеріне сауал тастап, осы тақырып бойынша пікірлерін ортаға салып отырмыз.

1. Патриоттық тәрбиенің бастау алар негізі?
2. Әскери борышты өтеу адам бойында қандай қасиеттерді қалыптастырады?
3. Өзіңіз әскер қатарында болғанда ...?

**Нұрберген ЖАҚСЫЛЫКОВ,**  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ  
Ұңғымаларды жер асты күрделі  
жөндеу бригадасының шебері:

1. Жастардың бойына патриоттық тәрбиені сіңіру – менің ойымша, алдымен отбасынан, содан кейін еліміздің Қарулы Күштерде әскери

азаматтың борышы, асыл парызы. Патриоттық тәрбиенің бастауы отанын сүйуден басталады.

2. Әскерге келген жастар 2 жыл ішінде (қазір 1 жыл) Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарып, елге әбден ысылып, темір үзетіндей нағыз



## Елінің патриоты болу - борыш



борышын өтеуден басталады. Ел тыныштығын сақтаудан асқан мәртебелі міндет жоқ шығар. Әрбір ер-азамат осы қасиетті борыштарын бала жастан сезініп өссе екен.

2. Әскери қызметті өтеу кезінде ер-азаматтардың бойында намысшылық пен ептілік, батылдық қасиеттер қалыптасады.

3. Жамбыл облысындағы Отар горнизонында әскери борышымды өтедім. Әскер қатарында жүріп Тәжікстан-Ауған шекарасын күзетуге алты айлық келісім-шартпен кеттім. Шекараны сегіз мыңға жуық қазақ жігіттері қорғап тұрды. Біз жауынгерлік өмірде нағыз достықтың қандай болуы керектігін көрдік.

**Әлібек КӘРІМБАЕВ,**  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ  
Өндірістік-техникалық бөлімі  
бастығының орынбасары:

1. Әскери борышты өтеу - ер-

сарбаз болып оралады. Сол себептен, әскер қатары – әрбір ер-азаматты Отан алдындағы борышын атқаруға үйрететін, шын-дайтын, шынықтыратын нағыз өмір мектебі дер едім. Мен ер-азаматпын деген әрбір адам әскери борышын өтеуі тиіс деген ойдамын.

3. Мен әскер қатарына 25 жасымда шақырылдым. Оған дейін Алматы политехникалық институттың әскери кафедрасын бітіріп, офицер шенін алдым. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жоғары оқу ор-



нын бітіріп, елге келдім. Әскер қатарында офицерлердің жетіспей жатқан кезі. Сол шақта әскери кафедраны бітіргендерді армияға шақырып жатқан болатын. Мен де шақырту алдым. Ақтөбедегі артиллерия бригадасына аға лей-

тенант болып келдім. Бүгінде запастағы офицермін.

**Асылбек ГИНАЯТОВ,**  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ  
Жаңаталап кен алаңының  
жөндеушісі:

1. Тәрбиенің бастауы-ағайын-тумасын, өскен ортасын сүйуден басталады. Ал, ол патриоттық тәрбиеге ұласады. Бойында патриоттық сезім жоғары адам - Отанының нағыз жанашыры. Біз партиоттық тәрбиенің шынайы белгісін әскер қатарынан көрдік. Алыста

кейін біздің отрядты Тәжікстан-Ауған шекарасына жіберді. Бұл шекара шын мәнісінде «тын-ымсыз болды». Үнемі қауіп-қатердің ортасында болдық. Әркез қарсы жақтың тарапынан болып қалар қақтығыс-әрекеттерге дайын жүретінбіз. Елге әбден шыңдалып келдік.

Әскер - мен үшін шыңдалу мектебі. Бүгінде екі ұлым да осы шыңдалу мектебінен өтуде. Үлкен ұлым Саламат Батыс Қазақстан облысындағы Жәңгір хан атындағы аграрлық-техникалық университеттің әскери кафедрасында болса, кіші ұлым Ринат Семей қаласында әскери борышын өтеп жатыр.

**Жеңісбек МЫРЗАҒАЛИ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ  
тұзсыздандыру, сусыздандыру  
операторы:

1. Әскери өмір адамды жан-жақты шыңдайды. 2 жыл әскери борышын абыроймен атқарған ер-азамат үлкен шыңдалу мектебінен өтеді. Мәселен, орта мектеп бізді әріп тануға, қолымызға қалам алып жазуға үйретсе, әскери өмір қатаң тәртіпке тәрбиелейді.

2. Әрине, әскер қатарына қабылданған адам толықтай өзгеретін шығар. Көп нәрсеге бейімделеді. Әскерге келмес бұрын әрбір жас жігіт төз үйінде еркелеп, қалағанынша жүріп-

тұрады. Кеш жатып, кеш тұрады. Айталық, танертен ерте тұрып, дене шынықтыру жаттығуларын жасамайды. Гигиена дегенді де сақтай бермейді. Шындығы осы. Әскерге алғаш келген күнді осы оқлықтармен күресуден бастайсың. Ерте тұрасың, спортпен дос боласың, бойыңды талапқа сай ұстайсың, жолдасыңа көмекке әзір тұрасың. Күн ұзағына атқаратын жұмысың жоспарлы түрде жүзеге асады. Жоспармен жұмыс істеу дегенге дағдыланасың.

3. 1985 жылдың көктемінде әскерге шақырту алдым. Алдымен, Атырауда (сол кездегі Гурьев) 6 айлық дайындықтан өттім. Кейін Армения жеріне аттандым. Ол кез - Кеңес Одағының дүрілдеп тұрған шағы. Одақ құрамына кірген 15 одақтық республикадан келген 17-18 жастағы жігіттер бас қостық. Адамдармен араласуды үйрендік. Мен - Қызылқоға ауданының Мұқыр ауылының жігітімін. Ауылымызда бір орыс жоқ, әскерге барғанымда бір ауыз дұрыс орысша сөйлей алмаймын. Сол әскерде әр республикадан келген жауынгерлер тез тіл табысып, тығыз араласып кеттік. Араларымызда нағыз дос болып кеткендер де болды. Мен әскерден тәуір орыс тілін меңгеріп келдім. Қысқасы, әскери өмірдің үйретері мол.







## МҰНАЙШЫЛАР ИГІ ІСТЕР ЭСТАФЕТАСЫН АШТЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және 2022 жылы Компанияның атап өтілетін 100 жылдығына орай игі істер эстафетасы бастау алды. Мұнайшылар эстафетаны дәстүр бойынша Рамазан айында Атырау облысының әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қолдау көрсетуден бастады.



- Компания тарихында мұнайлы Ембі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып, Атырау облысы басшылығының бастамаларын

астам қаражат аударды. Бұл қаражат дәрі-дәрмек алу үшін «Birgemiz-Atyrau» Қоғамдық қорына, Атырау облыстық ауруханасына өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі концентраторларын алуға, оперблотарды, реанимацияларды, провизорлық бөлімшелерді медициналық газбен қамтамасыз ету үшін жұмсалды. Жылыой аудандық аурухананы, Атырау қаласы Береке мөлтек ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен, гигиеналық қажеттіліктермен қамтамасыз етті. 2020 жылдың соңында компания Атырау облыстық әкімдігіне 7 мың 300 мүмкіндігі шектеулі балаға сыйлықтар алуға және 274 медицина қызметкеріне, оның ішінде, қайтыс болған 4 дәрігердің отбасына материалдық көмек негізінде 130 млн теңге бөлді.

Сонымен қатар, 2020 жылы ембіліктер волонтерлік бастамамен карантиндік оқшаулауға алынған меди-



колдайды және күрделі жағдайға тап болған отандастар мен жерлестерге көмек көрсетеді. Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Компания басшылығы Атырау облысының мүмкіндігі шектеулі 2 мың тұрғынын материалдық қолдауға 30 млн теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Бұған қоса, эстафета аясында Компанияның Орталық басқару аппараты қызметкерлерінің ерікті түрде жалақылары есебінен жиналған 1,4 млн теңге қаражатқа мұнайлы өңірдегі көмекке мұқтаж көп балалы 100 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Айта кетейік, ЕМГ пандемиямен күресте әлеуметтік көмек ретінде 500 млн теңгеден

цина мамандары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қолдау үшін 1 миллионнан астам теңге қаражат жинады. Оған қосымша, «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармаларындағы «Nur Otan» бастауыш партия ұйымдарының бастамасымен мұнайшылар Исатай, Қызылқоға аудандарындағы әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық шараларын жасады.

Жыл соңында ембіліктер өз еріктерімен жинаған 1,1 миллион теңгеге мамандандырылған балалар үйінің, «Шаңырақ» облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінің, Атырау балаларды оналту орталығының, Психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған Дәмбекжай-бақшасының, «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ-ның балаларына жаңажылдық сыйлықтар алынып, таратылды.



### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



## ЕМБІЛІКТЕР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАЛ ЕГУ АКЦИЯСЫНА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

2021 жылдың 24-сәуірі күні «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған бүкілқазақстандық «Таза табиғат» тұжырымдамасының іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатындағы «Бұл – менің ағашым» акциясына белсене қатысты.

- Жауапкершілігі мол жер қойнауын пайдаланушы ретінде біздің компания биыл Ембі аумағында 2800 тал егеді. Ағымдағы жылдың сәуір айында Атырау облысы әкімдігі мен ЕМГ арасында қол қойылған меморандум аясында компания 2021-2024 жылдар аралығында Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округінің Талғайран ауылында 243,2 га алаңға жасыл желек отырғызады, - деп атап өтті ЕМГ әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі тобының жетекшісі Бекет ГУБАЙДУЛЛИН.



Сенбілік күні Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ (Жылыой ауданы), «Доссормұнайгаз» МГӨБ (Мақат ауданы), «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (Исатай ауданы), «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (Қызылқоға ауданы), «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау» басқармаларының және Орталық басқару аппаратының (Атырау қаласы) ұжымы өз аумақтарында қарағай, үйеңкі, жеміс ағаштарының және т. б. көшеттер, жалпы алғанда 1150-ден астам тал екті. Ал, талдарды суару кен орындарының орналасуына байланысты кешенді тазарту қондырғылары және су тасушы көліктер арқылы жүзеге асырылады.

- Бүгін қайнарлық мұнайшылар да республикалық тал егу акциясына үн қосып, белсенділікпен қатысып отыр. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты кен орындары аумағында бүгін 250 тал егілді. Талдарды суару мәселесі шешілді.

Біз еңбек ететін орнымыздағы қоршаған ортаны қорғап, өңірдің гүлденуіне үлес қосқанымызды мақтан етеміз, - дейді «Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасының бастығы Каримолла ШЫҒҒЫСОВ.





Ұлы Отан соғысы жылдарында фашизмнің адам баласына салған қайғы-қасіреті сан жылдар өтсе де ұмытылмақ емес. Төрінде зеңбірек зіркілдеп, тебесінен бомбалар жауып, астан-кестен аласапыранға ұшырамаса да, қазақ жері күйзелмей қалған жоқ.

Қазақстан мұнайының бастауы болған Ембі еңіріне түскен ауыртпалық та зілбатпан еді. Жау Қазақстанға, соның ішінде, мұнайға, балыққа, кенге бай Атырау бойына да ерекше көңіл бөлген. Гитлер командованиесі бұл жерлерді (яғни, Еділ-Жайық аралығын) жаулап алғаннан кейін «Еділ-Жайық мемлекетін» құруды жоспарлаған, дұшпанның бас жымысқы жоспарын болдырмау үшін кеңестік үкіметтің кешенді шаралар жасақтап, оны жүзеге асыруға шұғыл кіріскені тарих беттерінде хатталы.

Екінші дүниежүзілік соғыс моторлар

## «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жауды жеңу үшін!»

соғысы болғаны тарихтан мәлім. Танктер мен ұшақтарды, автокөліктер мен пойыздарды кідіртпей соғыс талабын қанағаттандыру үшін жанар-жағар майды көптеп өндіру аса қажет еді.

Біртұтас ел атанған бұрынғы КСРО-ның аумағындағы мұнайлы аудандардың көпшілігін жау басып алғандықтан, майдан мен тылды жанар-жағар маймен қамтамасыз ету ауыртпалығы жау аяғы баспаған еңірлерге түскен-ді. Соның бірі – Ембі мұнайлы аймағы болатын. Бұл қосымша адам күшін, техниканы, басқа да жарактарды қажет етті. Бас көтерер ер-азаматтар майданда. Олар соғыс даласында болашақ үшін басын тігіп, намысты қолдан бермей жүрді. Мұнайлы өлкенің данқына кір келтірмей соғысып, даңқа бөлгенді.

Тылдағылар да қалыспады. Еңкейген қарттар мен буыны бекімеген балғын жастар ер жігітке тән қайрат көрсетті. Өндірілетін мұнай көлемі соғыс жылдарында 1940 жылғы мөлшерден 26 пайызға артты. Жаңадан 4 кәсіпшілікті іске қосты.

### ҚАЙСАРЛЫҚ

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ, ВКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі Волга бойында, Оралда, Батыс Сібірде, Қазақстан мен Орта Азияда өндірілетін соғысқа қажетті бұйымдар өндіруді көбейту мақсатын қойды.

Мұнайшылар еңбек қарқынын еселей түсті. Ерекше ұйымшылық танытып, барлық күш-жігерін мұнай өндіру көлемін арттыруға жұмылдырды. Әсіресе, Ембінің 3-перзенті Байшонас кәсіпшілігі ұжымының табысы айтарлықтай болды. 1941 жылы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша бұл ұжым КСРО Мұнай өнеркәсібі Халық Комиссариаты мен ВЛКСМ-тің екінші сыйлығын жеңіп алды, кәсіпшілікке «Совет Одағының үздік кәсіпшілігі» деген атақ берілді. Қазақстан мұнай комбинаты бойынша 1941 жылғы өндірілген сұйық отын 1940 жылға қарағанда 24 пайызға өсті.

Кәсіпшіліктерде негізгі күш пайдалануда тұрған ұңғымалардың кідірісін болдырмауға тырысты. Алынатын сұйық отын мөлшерін аз да болса кебейту тәсілін енгізген адам қолдау тауып отырды. Айталық, Ескене кәсіпшілігінің мамандары Ембіде бірінші болып сорғының бірнеше түрін (телескоп, ойығы бар қорапты т.б.) қолданды. Орталық зертхана өздері жасаған сүзгішті қолдана бастады. Осы әдістерді жүзеге асырудан тәуліктік өнім 1,3 тоннадан 4,1 тоннаға дейін көтерілді.

Майданға аттанған ер-азаматтардың орнын жоқтатпай, өндіріс ырғағын қалыпта ұстау – мұнайшылардың алдына қойылған ең қатал талап еді. Қорғаныс қажетіне көптеп мұнай беру үшін қажымай жүретін ерлер қатары майданға кетіп сиреген соң, солардың орнына буыны бекип, бұғанасы қатпаған жасөспірімдер мен еңкейген кәрілер келді. Ерлер мамандығын әйелдер меңгерді. Айталық, қызыл әскердің жұбайы Сарманова Байшонас кәсіпшілігінде мұнай өндіруші оператор, уй шаруасындағы Айманова Доссор кәсіпшілігінде балғашы, сағыздық Бекмағанбетова шофер, екі баламен уй шаруасында отырған Завялова Доссордағы автокөлік мекемесінде тракторшы болып жасады. Қыз-келіншектер



техниканы тез меңгеріп, шеберлік пен жігерлілік таныта білді. Тіпті қатарларынан озып шығып, айналасындағыларға үлгі-өнеге болды. Қыстың қытымыр, жаздың аптап күндерінде шалдықса да мойымай, қиындыққа қайсарлығын қарсы қоя білген жандардың ерлік еңбегі қалай мадақтауға да сияды.

Соғыс жылдарында Ембі кәсіпшіліктерінде 5460 әйел жұмыс жасады, ал, соғысқа дейін олардың саны 1880 болатын. Олардың біразы өндіріс жетекшісі дәрежесіне дейін көтерілді. Ембіде бұл бастамаға мұрындық болған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып 3 дүркін сайланған Балғаным Досбаева еді. Ол Бай-

су айдау арқылы күшейту) 1943 жылы тамыз айында Доссор кәсіпшілігінде жүзеге асырылды. Келесі жылы Мақат кәсіпшілігінің ұжымы бірінші жара қабатына су айдайтын қондырғыны іске қосты. Жеңіс күніне дейін Мақат пен Доссор кәсіпшілігі осы кен қабаттарына көлдетіп су айдау арқылы 14 мың тоннадан астам жоғары сортты мұнай алынған.

Жолдыбай, Қошқар, Тентексор кен орындарын іске қосу жанқиярлық еңбек, жан-жақты ізденіс үстінде жүзеге асты. Сонымен қатар, батыстан келген бір зауыт құрал-жабдықтарының негізінде Доссорда ав-



шонаста мұнай өндіруші әйелдер бригадасын құрып, жыл сайын озаттар сапында болды.

Мұнайшылар қатары кәсіптік училищелерді бітірген жастармен де толықтырылып отырылды. Осы кезде олардың саны барлық жұмысшылардың 10 пайызын құрады. 12 сағаттық жұмыс кестесіне көшу – жұмысшы күші тапшылығынан шығудың бұқара көрсеткен тағы бір жолы еді. Соның нәтижесінде босаған адамдардан мұнай өндіру мен бұрғылауда қосымша бригадалар құрыла бастады. Соның арқасында еңбек өнімділігі едәуір артты.

Мұнара бөлшектерін жұмысшылардың өздері бір жерден екінші жерге арқалап көшіріп апарған кездері де болды. Өйткені, қайткен күнде де өндірісті бір сәт тоқтатпау басты парыз еді...

Соғыс ауыртпалығын бұрғышылар да асқан ұйымшылықпен жеңе білді. Олар берілген нүктелерді аз шығынмен, шапшаңдатылған әдіс қолданып қазу жолдарын іздестіріп тапты. Құлсары кәсіпшілігінің бұрғылау шебері Бисенғали Өтеулиев белгіленген тереңдікті кондукторсыз қазу жөнінде ашқан жаңалығын бүкіл Ембі бұрғышылары қолдады. Осы әдісті ұтымды пайдалану арқылы соғыстың төрт жылы ішінде 15 мың метрден астам тұрба, 1000 тоннадан астам тампонаж цементі үнемделді.

Бұрғышылардың жанқиярлық еңбегі арқасында соғыс жылдары Нармонданақ, Қошқар, Тентексор кен орындары пайдалануға берілді.

Қаһарлы жылдарда мұнайды молайтудың жаңа әдістерін жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Соның арқасында одаққа тұңғыш рет мұнай өндірудің екінші әдісі (қабат қысымын

томобиль жөндеу зауыты да тұрғызылған.

### ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК

Жүзеге асырылған шаралар, сайып келгенде, Ембінің қуатының артып, соғыс қажетіне Қазақстан мұнайын молдап жөнелтуге мүмкіндік жасады. Соғыс жылдарында Ембіде мұнай өндіру көлемі бүкіл төңкерістен бұрынғы дәуірден 2,5 есе, үшінші бесжылдық кезеңінен 15,2 пайызға артты. 1940 жылы өндірілген мұнай 695 мың тонна болса, 1944 жылы ол 788 мың тоннаға жетті.

Сондай-ақ, мұнай мүддесі үшін аса қажетті Мақат-Қосшағыл тар табанды темір жолын, Петровский атындағы зауыттың екінші кезегін Пешной көлі Ширина тұрба құбырын, Гурьев мұнай өңдеу зауытын салуға еңбек ұжымдарын жұмылдыра білді. Қазақстан мұнайшыларының еңбек-ерлігін бүкіл Одақ таныды. 1942 жылғы мұнайшыларына үндеу жолдаған. Панфиловшыларға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Ауыспалы Қызыл туына ие болған Ескене азық-түлік, киім-кешекті майданға жөнелтті.

Тылдың ерлері жеңіс сағатын тездету үшін майдан сұранысын кідіртпей орындап, Отан қорғау қорын жасақтады, жауынгерлерге арнап жылы киім, сыйлықтар дайындады.

Мұнайшылардың майданға көмегі Ұлы Отан соғысы кезінде еліміздің түкпір түкпірін қамтыған жалпыхалықтық патриоттық қозғалыстың бір ғана бөлігі боп табылады.

Рас, бұл соғыс қанша ауыр сын болса да, халқымыз одан абыроймен өтті. Майданда ер ерлігін істесе, тылда ел елдігін істеп, бүкіл әлемді таңданды.

(«Ембімұнайгаз» АҚ мұрағатынан)

## НЕФТЬ ФРОНТУ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ

Мы продолжаем знакомить наших читателей с секретными страницами истории нефтяной Эмбы военных лет. В прошлом номере мы рассказывали о переброске нефтепромыслового оборудования и профессиональных нефтяников с Крыма и Кавказа в глубокий тыл, в том числе на действующие промыслы Эмбы и Актюбинска, объединенные на тот момент в «Казахстаннефтекомбинат».

В это время, Гитлер рвался к бакинской нефти. Была назначена дата захвата города – 25 сентября 1942 года. Баку был критично необходим немецкой армии, чтобы лишить СССР топлива для военной техники и снабжать ею свою армию. Немецкие войска приближались к Баку, началась эвакуация. Параллельно Баку обеспечивал фронт нефтью, восстанавливая и эксплуатируя старые скважины. К июлю 1942 года были отрезаны все пути снабжения фронта нефтепродуктами, ранее проходившие из Баку через Грозный в Ростов по железной дороге и нефть вывозилась нефть морем через Каспийское море.

Уже в апреле 1942 года начальнику «Казахстаннефтекомбината» Нифонтову и начальнику «Главнефтьстроя» Василову спускается приказ построить и сдать к 1 октября нефтепровод Гурьев – Большой Пешной для перекачки светлых нефтепродуктов в размере 1 миллиона тонн в навигационный период и нефтеналивную эстакаду в г. Гурьеве для обеспечения перевозки нефтепродуктов по железной дороге.

Нефтепровод было приказано строить из труб, разобранных с неиспользованной части газопровода Избербаш – Махачкала.

К строительству трубопровода были привлечены 1500 заключенных АстарханЛАГА (ранее Провинский ИТЛ) под ведомством НКВД СССР. В 1942-1943 гг. численность заключенных данного филиала ГУЛАГа, передислоцированного в г. Гурьев выросла с 5 915 до 65 505 человек.


Гурьевский облисполком и обком КП (Б) Казахстана обеспечивал прием и использование в порядке трудовой и гужевой повинности 900 человек и 200 подвод, а также выделил на время строительства производственные и бытовые помещений в количестве 4 тыс. кв. метров.

Этим же приказом было дано разрешение строить нефтепровод Гурьев – остров Б. Пешной без утверждения проектов и смет. Проектирование также допускалось без стадии технического проекта.

Автотранспорт, трактора и строймеханизмы, занятые на строительстве нефтепровода Гурьев – Б. Пешной освобождались от мобилизации и не могли привлекаться ни на какие другие работы.

Главуру Наркомнефти т. Виноградову и тресту Центрспецстрой т. Платонову приказывалось организовать централизованное снабжение продовольствием и промтоварами рабочих, ИТР и служащих, занятых на строительстве нефтепровода.

Лаура СУЛЕЙМЕНОВА







ДОССОР-110

## Жылы лебіз

Қазақ мұнайының шежіресін алтын әріппен өрнектеген қасиетті мекен-Доссор жерінен мұнай бұрқағы атқылағанына 29-сәуір күні 110 жыл толды. Доссор кен орнының 110 жылдығы – Ембі өндірісі мен еліміздің мұнай-газ саласы үшін елеулі оқиға.

Осы атаулы мерекеге орай компаниямызға облыс басшылығы мен ардагерлерден түсіп жатқан құттықтау тілектерін жариялауды жөн көрдік.

### ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҰЖЫМЫ!

Сіздерді қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Доссор кен орнының игеріле бастауына 110 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

1911 жылдың 29 сәуірі күні аталған кен орнындағы №3 ұңғыдан қуатты мұнай бұрқағы буырқана атқылады. Айтулы оқиға елдің экономикасы мен өміріне үлкен оң өзгеріс әкелді. «Қара алтын» өндіріле бастаған алғашқы екі жылда Доссорға екі мыңнан астам адам жұмысқа орналасып, мұнайшылар қалашығының іргесі қаланды.

Доссорда тек 1913 жылдың өзінде ғана 117 мың тоннадан астам мұнай өндірілді. Мақат кен орны іске қосылған соң «қара алтын» өндіру 1914-1915 жылдары алғаш рет 200 мың тоннадан асты. Доссор мен Мақат кен орындарын игеру үшін 1922 жылы «Ембімұнай» тресі құрылды.

Бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіпорны тарихы сабақтастықты сақтай отырып, бәсекелестік талаптарына сай жаңа технологияларды игерген заманауи мұнай компаниясына айналды.

Құрметті мұнайшылар, Доссордан басталған алтын дәуір жалғасын тапсын!

Ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыстар тілеймін!

Атырау облысының әкімі

Махамбет Досмұхамбетов

Атырау қаласы, 2021 жыл

## Мерейлі меже

Ембі мұнайына 110 жыл толды. Осыншама уақыт бұрын, 1911 жылы 29 сәуірде Доссор кен орнында «Орал-Каспий» мұнай қоғамы бұрғылаған №3 ұңғымадан қуатты мұнай бұрқағы атқылады. Қазақстанда өндірістік мұнай өндіру сол күннен басталды.

Осы жылдары еңбек еткен алғашқы мұнайшылардың есімдері Қазақстан мұнайының тарихы беттеріне алтын әріппен жазылды. Алғашқы мұнайшылар Сабырғали Зорбаев, Елеу Бөлекбаев, Аққали Аусниязов, Хәкім Бәжбенов, Сұлташ Тағыбергенов, Мәмбетәлі Китаров, Есмағамбет Құрманәлиев, Мұқаш Жұмағазиев, Құбаш Меңешев, Әбіш Қалабеу, Қайырғали Жылқышиев, Борах Жұбатқанов және басқалары Доссор мұнай кен орнын игеруге орасан зор еңбек сіңірді. Олар кейіннен Ембінің басқа да кен орындарын игеруге өздерінің үлестерін қосты.

Бүгінгі күндері алғашқы мұнайшылардың үшінші, төртінші буын ұрпақтары мұнайлы өлкеміздің жаңа кен орындарын игеруге қатысуда.

Барша мұнайшыларды бүгінгі мерейлі меже - Доссор мұнайының 110 жылдығымен құттықтаймын! Еліміздің мұнай саласы дами берсін!

Мереке құтты болсын!

Ізгі тілекпен,  
Орақ ДЕНГЕЛБАЕВ,  
ардагер-мұнайшы, Мақат ауданының Құрметті азаматы.  
29 сәуір 2021 ж.

### ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

## Ақ құс

Ақ құс қонды тұзды көлге адасып,  
Қонып жатыр топ-тобымен парласып...  
Бірақ, әттең, сезбеді ғой күні ертең,  
Қанатынын қалатынын тұз басып.

Бір күн өтті, екінші күн, үшінші...,  
Бір қатерге ұрынғанын түсінді.  
Жәрдем іздеп, жақын маңнан қарайлап,  
Ақырында мұнайшыға жүгінді.

Табиғатты түсінгені жайсаң жан.  
Кешіп өтіп тұзды көлді тұсынан,  
Көтеріп ап алып шықты жағаға,  
Жуды әкеліп, тазалады тұзынан.

Байғұс ақ құс, жаны балқып рахаттан,  
Иді басын, құтқардың деп азаптан.  
Үнсіз ғана айтты алғыс көзімен,  
Мұнайшыға мейірбандық танытқан.

Әскер КИЗБАСАРОВ,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ Қошқар мұнай өндіру бригадасы шебері.



### Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

А.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.